

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 19 қаңтардағы ҚАУЛЫСЫ**

**1. 2023/2024 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау және ұсыныстар.** Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2023/2024 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау және ұсыныстар туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М. Нарбекованың «2023/2024 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары» тақырыбындағы баяндамасы назарға алынсын.
2. Білім алушылардың оқыту нәтижелері мен бағалау жүйесін бақылау түрлерін тиімділігін арттыру бойынша іс- шаралар бекітіліп, ұйымдастырылсын.
3. Институт директорларына және кафедра меңгерушілеріне:
  - Кафедралар мен институттар кеңестерінің кеңейтілген отырыстарында, сессия қорытындыларын талқылансын. Институт кеңесінің отырысында кафедралардың үлгерімінің төмендігі себептерін жою жөніндегі жоспарлары бекітілсін, олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етілсін – 31.01.2024 ж. дейін.
  - Білім алушылар тарапынан емтихан сессиясын өткізу қағидаларын бұзу фактілері туралы есеп дайындау, білім алушыларға қатысты қажетті шаралар қолданылсын – 31.01.2024 ж. дейін.
  - Оқыту сапасын талдау бойынша білім алушылармен кері байланысты орнатылсын – тұрақты түрде.
  - Барлық пәндер бойынша бағалардың корреляциясының жоқтығына назар аударылсын – тұрақты түрде.
4. Институттар директорларына, тестілеу орталығының басшысына және кафедра меңгерушілеріне:
  - Сыни ойлау негізінде білім алушының оқу нәтижелері мен құзыреттіліктерін бағалауға мүмкіндік беретін келесі семестрдің барлық пәндері бойынша бағалау критерийлерін көрсете отырып, тест тапсырмаларын және проблемалық тапсырмаларды дайындау/жаңарту және сараптама жүргізілсін – 01.03.2024 ж. дейін.
  - Емтихан (*тест, жазбаша, ауызша*) тапсырмаларының сапасын арттыру мақсатында әдіснамалық нұсқаулықтарды өзектендірсін;
  - Емтихан (*тест, жазбаша, ауызша*) тапсырмаларының әзірлеушілері мен сарапшыларын әлеуетін көтеру мақсатында тренинг-семинарлар жүйелі өткізу жоспарлансын;
  - Емтихан (*тест, жазбаша, ауызша*) тапсырмаларының базасы әзірленсін - 31.03.2024 ж. дейін
5. Институт директорларына, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және кафедра меңгерушілеріне:
  - Кредиттік оқыту технологиясы, емтихан өткізу рәсімдері бойынша білім алушылар мен ПОҚ арасында ақпараттық жұмыстары жүргізілсін. – 31.01.2024 ж. дейін.
  - Студенттер мен ПОҚ арасында академиялық адалдықтың негізгі қағидаттарын сақтау бойынша ай сайын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін – тұрақты түрде.
6. Білім беруді цифрландыру департаментінің директорына:
  - Униівер жүйесін жаңа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жетілдіру, сондай-ақ бухгалтериямен интеграциялау 01.04.2024 ж. дейін.
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б. М. Нарбековаға жүктелсін.

**2. 2023-2029 жылдарға арналған университеттің даму бағдарламасы.** Стратегия департаментінің директоры Э.М.Таттибаеваның "2023-2029 жылдарға арналған университеттің даму бағдарламасы" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы» баяндамасы назарға алынсын.



2.«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының» миссиясы, құндылықтары, мақсаттары, міндеттері, қызметінің негізгі бағыттары және оларға одан әрі қол жеткізу үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерімен ПОҚ мен қызметкерлер толық таныстырылсын (стратегия департаменті директоры, құрылымдық бөлім басшылары, институт директорлары), 2024 жылдың қаңтар-ақпан айлары;

3.Қойылған міндеттер шеңберінде Даму бағдарламасының барлық қызметтің негізгі көрсеткіштері және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары бойынша мониторинг жүргізілсін (стратегия департаменті директоры), 2024 жылдың маусым-желтоқсан айлары;

4.Ықтимал тәуекелдерді алдын алу немесе азайту үшін тәуекелдерді анықтау мақсатында стратегиялық бағыттар мен мақсат-міндеттердің орындалуына жауапты өкілдермен интервью жүргізу (стратегия департаменті директоры, тәуекелдерді бағалау бөлімінің басшысы), Тәуекелдерді басқару саясатының регламентіне сәйкес;

5.Университет қауымдастығы арасында, одан тыс жерлерде де Даму бағдарламасы туралы ақпараттың таралуына үлес қосу (қоғаммен байланыс департаменті директоры), жүйелі түрде.

**3.2023-2029 жылдарға арналған Жаратылыстану және география институтының даму бағдарламасы.** Жаратылыстану және география институтының директоры К.Д. Каймулдинованың «2023-2029 жылдарға арналған Жаратылыстану және география институтының даму бағдарламасы» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) Жаратылыстану және география институтының директоры К.Д. Каймулдинованың «2023-2029 жылдарға арналған Жаратылыстану және география институтының даму бағдарламасы» туралы баяндамасы назарға алынсын.

2) Институт кафедраларында халықаралық, өңірлік байланыстарды жетілдіру негізінде қос дипломдық және бірлескен білім бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін;

3) Институт кафедраларының жалпы білім беретін мектептердегі филиалдарында жаратылыстану пәндерін дуалды оқыту және білім алушылардың педагогикалық бағыттағы зерттеулерін апробациядан өткізу жүзеге асырылсын;

4) Институт директорына Тұрақты даму бағытында орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру және жалпы білім беретін мектептерде әріптестік негізінде тұрақты даму мақсатында білім беруді жүзеге асыру мақсатында Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету орталығын құрудың тұжырымдамасын жасау тапсырылсын;

5) Институт директоры мен кафедра меңгерушілеріне Химия, биология, экология бойынша заманауи зертханаларды жабдықтау бойынша нақты ұсыныстар дайындау, профессор-оқытушылар құрамының қолданбалы, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізіндегі жобаларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету тапсырылсын;

6) Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жұмысын жетілдіру мақсатында кафедралар тарапынан магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулерінің сапасын арттыруға, зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарына мониторинг жасау ерекше назарға алынсын.

7) Институттың білім алушыларының кәсіби дайындығын арттыру, қоғамға қызмет етуге баулу мақсатында мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстарға кеңінен қамту жұмыстары жалғастырылсын.

4. Өртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



*Handwritten signature of B.A. Tilep*

Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова